

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің " Ботаника және фитоинтродукция институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 951 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің " Ботаника және фитоинтродукция институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – институт) болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті институтқа қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясында) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) институттың жарғысына енгізілетін өзгерістерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізуді;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында институттың мемлекеттік қайта тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 951 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі № 700 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 27, 290-құжат):

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

мына:

"1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген бөлімде:

реттік нөмірі 16-6-жол алып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 42-43, 290-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесінде:

"Алматы облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 35-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

35	Іле ботаникалық бағы	65	Балқаш ауданы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
----	----------------------	----	---------------	--

";

"Алматы қаласы" деген бөлімде реттік нөмірі 38-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

38	Бас ботаникалық бақ (Ботаника және фитоинтродукция институты)	104	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және
----	---	-----	---------------	---

				жануарлар дүниесі комитеті
--	--	--	--	-------------------------------

”;

"Нұр-Сұлтан қаласы" деген бөліммен толықтырылсын;

"Нұр-Сұлтан қаласы" деген бөлім мынадай редакциядағы реттік нөмірі 38-1-жолмен толықтырылсын:

”

38-1	Астана ботаникалық бағы	46,3	Нұр-Сұлтан қаласы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
------	----------------------------	------	-------------------	---

”;

"Қарағанды облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 72-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

72	Жезқазған ботаникалық бағы	62	Жезқазған қаласы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
----	-------------------------------	----	------------------	---

”.

5. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2019 ж., № 26-27, 236-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының тізбесі";

мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Республикалық мемлекеттік мекемелер";

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген кіші бөлім:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 11-жолмен толықтырылсын:

"11. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК